


# Ломбард







Мұндай қызметтер үнемі сұранысқа ие және қазіргі уақытта танымал. Кез-келген құнды заттарды немесе техниканы кепіл ретінде қабылдап, қарыз беру арқылы, үстіне пайыз қосу арқылы пайда көруге болады.



Сонымен қатар, табысты көбейтіп, жалға алу шығынын өтеу үшін сол ғимараттың ішінде, ксерокс немесе кеңсе тауарларын сататын қызметтерді де ашуға болады.





Жалпы ломбард жүйесі қандай және операциялар қалай жүзеге асады? Бұл туралы біз бірнеше қала ломбардтарына барып зерттеп көрген едік.





Табыс: Біз сұрастырған ломбард иелерінің сөзінше, күніне шамамен 40-50 адамға қызмет көрсетіледі. Қарыз бір айға рәсімделеді. Пайыздық мөлшерлеме сомасына байланысты күніне 0,36-0,4 пайыз, егер уақытынан кешіксе бір пайызға өседі. Кепіл ретінде бұйрықта көрсетілген техникалар (ұялы телефон, фотоаппарат, ноутбук т.б.) және алтын мен күміс қабылданады.







Алтын мен күміс бағасы Лондон биржасына тәуелді.  
Ал техника құны оның жағдайы мен құндылығына  
байланысты.



Қарызға техниканың нарықтағы бағасының 10 пайызын қосады. Әрине, бизнестің қанша табыс әкелетіні ломбардтың орналасқан орнына және сұранысқа байланысты.





Шығын: Жалпы ломбард ашу үшін өтініш білдіріп, қажетті құжаттарды толтырғаннан кейін, тіркелу үшін 6,5 АЕК төленуі тиіс. Ал алғашқы жарғылық капитал сомасы 100 АЕК құрайды. Ғимаратты қала шетіндегі аудандардан жалға алу құны — ең аз дегенде 100-300 мың теңге. Ал қала орталығынан ғимаратты жалға алу құны орта есеппен 300 мың теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін барады.